Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 24 қазан №7119-23-00-2/11409 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық касіпорі

ЖАУАПКЕР:
«Rauan Group» " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, басшысы Оразов Рауан Жамалбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот
ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық касіпорінің жауапкер «Rauan Group» " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, басшысы Оразов Рауан Жамалбекұлы, сатып алуға жосықсыз қатысушы тізіліміне енгізуді және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Rauan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, басшысы Оразов Рауан Жамалбекұлы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 24.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 01.12.2023, судья Абенова А. Ч., 07.12.2023
7119-23-3-1/11105

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық касіпорінісы пайдасына «Rauan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен, басшысы Оразов Рауан Жамалбекұлы, 2238 (екі мың екі жүз отыз сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және төленген 68 (алпыс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Rauan Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.12.2023, судья Абенова А. Ч., 07.12.2023

7119-23-3-1/11105